

Шығ. № 176 30.09.2025 ж.

Факультет декандарына, кафедра меңгерушілеріне

Ақпараттық хат

Стратегиялық және халықаралық даму департаменті (әрі қарай-СХДД) академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында, 2025-2026 оқу жылының ІІ жартыжылдығына 1 Қосымшада көрсетілген жоғары оқу орындарына оқуға құжаттарды жинау басталғанын хабарлайды.

**Университет есебінен қаржыландыру бойынша конкурсқа қатыса алатын үміткерлерге қойылатын талаптар:**

- университетте грант есебінен білім алу
- конкурсқа қатысу кезінде 2-3 курс бакалавриат немесе 1 курс магистратура студенті болу
- оқу үлгерімі GPA 3.00-ден төмен болмауы тиіс
- академиялық қарызының болмауы
- шет тілін меңгеру деңгейін растайтын халықаралық үлгідегі сертификат (Ағылшын тілінен - IELTS 5.5 және одан жоғары, TOEFL 46 және одан жоғары; Duolingo 80 баллдан кем емес. Қытай тілінен - HSK 1, немесе Конфуций Институтының қытай тілі курсы аяқтағаны туралы сертификаты: 96 акад. сағат. Түрік тілінен - Tomer B2, Duolingo 80 баллдан кем емес) немесе алдыңғы оқу орнында (колледж немесе мектеп) осы шет тілінде оқуды растайтын диплом/транскрипт. Аталған құжаттар болмаған жағдайда, СХДД ұйымдастыруымын институционалды тестілеу өткізілетін болады. Тестілеуді өткен білім алушылар шет тілінен сұхбатқа шақырылады. Тестілеу күні факультет координаторына алдын ала хабарландырылады

- оқу тәртібін және этикалық нормаларды бұрын соңды бұзбауы
- басқа білім беру ортасында оқуға психологиялық дайындық
- университеттің ғылыми және қоғамдық өміріне белсенді қатысуы

Академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелде оқуға үміткерлерді іріктеу кезінде тен баллмен артықшылыққа ие болатындар:

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар (құжаттың көшірмесі)
- көпбалалы отбасылардан шыққан балалар (құжаттың көшірмесі)

**Ақылы негізде оқитын білім алушылар оқуға өз қаражаты есебінен бара алады және жоғарыда көрсетілген үміткерлерге қойылатын талаптардың барлығына сәйкес келулері тиіс.** Ерекшелік тек оқу үлгеріміне ғана беріледі (конкурсқа қатысу кезінде ақылы түрде білім алушының оқу үлгерімі GPA-2.80 аз болмауы тиіс).

Барлық үміткерлер 2 Қосымшада көрсетілген толық талаптарға сәйкес өтініштерін бере алады.

Факультет координаторлары факультет деканы атынан қызметтік хат, хаттама, білім алушылар тізімін (университет есебінен және өз қаражаты бойынша) электронды нұсқада және қағаз түрінде СХДД 2025 жылдың 13 қазанына дейін тапсыруы тиіс. Конкурстың екінші кезеңінің (СХДД студенттерді құжаттар бойынша іріктеуі және сұхбат) күні факультет координаторларына қосымша хабарландырылады. Толық емес құжаттар пакеті автоматты түрде қарастырылмайды.

Ескерту: құжаттар білім алушылар арқылы қабылданбайды.

Келесі шетелдік жоғары оқу орындарының құжат қабылдау мерзімдерінің тығыздығына байланысты, білім алушылардың осы оқу орындарын таңдаған жағдайында, хатта көрсетілген құжаттар тізімін төменде белгіленген мерзімдерге дейін тапсыруыңызды сұраймыз:

- Стамбул техникалық университеті, Түркия. **2025 жылғы 7 қазанға дейін.**  
Білім беру бағдарламалары: Тау-кен ісі, Электроэнергетика, Металлургия, Құрылыс, Химиялық инженерия, Ландшафттық архитектура.
- Витаутас Магнус университеті, Литва (1 орын). **2025 жылғы 3 қазанға дейін.**  
Білім беру бағдарламалары: Электроэнергетика, Биология, Тарих, Психология, Экология.

Сұрақтар бойынша байланыс: [international@zhubanov.edu.kz](mailto:international@zhubanov.edu.kz)

### **1 қосымша. Шетелдік жоғары оқу орындар тізімі:**

1. Быдгощ қаласындағы Экономика университеті, Польша
2. Слупск қаласындағы Помор университеті, Польша
3. Жешув технологиялық университеті, Польша
4. Шота Руставели атындағы Батуми мемлекеттік университеті, Грузия
5. Өзбек мемлекеттік дене шынықтыру және спорт университеті, Өзбекстан
6. Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті, Өзбекстан
7. А. Мырсабеков атындағы Ош гуманитарлық-педагогикалық институты, Қырғызстан
8. Ош мемлекеттік университеті, Қырғызстан
9. Хаджеттепе университеті, Түркия
10. Памуккале университеті, Түркия
11. Сакария университеті, Түркия
12. Мармара университеті, Түркия
13. Çanakkale Onsekiz Mart University, Түркия
14. Синьцзян қаржы-экономикалық университеті, Қытай Халық Республикасы
15. Әзірбайжан Мемлекеттік Мұнай Және Өнеркәсіп Университеті, Әзірбайжан
16. Бейжіңдегі Қарамай Қытай мұнай университеті (China University of Petroleum - Beijing at Karamay)
17. И. Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті
18. Кастамону университеті, Түркия
19. Анкара Хаджи Байрам Вели университеті, Түркия
20. Софийский университет им. Св. Климента Охридского, Болгария
21. Анкара Йылдырым Безит университеті, Түркия
22. Эгей университеті, Түркия
23. Балтық Халықаралық академиясы, Латвия
24. Тонмён университеті, Пусан қ., Корея (Tongmyong University) - Мехатроника, IT мамандығы бойынша қабылдайды.
25. Витаутас Магнус университеті, Литва
26. Баку мемлекеттік университеті, Азербайджан
27. Навои мемлекеттік педагогикалық институты, Өзбекстан
28. Балтық халықаралық академиясы, Латвия
29. Миколас Ромерис Университеті, Литва
30. Стамбул Техникалық Университеті, Турция.

**2 қосымша. Білім алушылардың жинайтын қажетті құжаттар тізімі (13.10.2025 дейін):**

- Резюме;
- Жеке куәлік көшірмесі;
- Басқарма Төрағасы - Ректор атына жазылған өтініш;
- Ұсыныс хат (кафедра меңгерушісінің атынан);
- Оқу орнынан анықтама (СҚКО-дан /Темірқазықтан берілген, Бас ғимарат 1 қабат);
- Транскрипт (СҚКО-дан берілген, Бас ғимарат 1 қабат);
- *Шет тілін меңгергені туралы халықаралық үлгідегі сертификат* (IELTS 5.5 және одан жоғары, TOEFL 46 және одан жоғары; Duolingo 80 баллдан кем емес, қытай тілінен HSK 1 немесе Конфуций Институтының қытай тілі курсы аяқтағаны туралы сертификаты: кемінде 96 акад.сағат, түрік тілінен Tomer B2, Duolingo 80 баллдан кем емес бар болған жағдайда) немесе алдыңғы оқу орнында (колледж немесе мектеп) осы шет тілінде оқуды растайтын диплом/транскрипт (бар болған жағдайда);
- Халықаралық, Республикалық немесе таңдалған оқу бағыты бойынша шараларға қатысқаны туралы дипломдар, сертификаттар мен мараптардың көшірмелері (болған жағдайда);
- Қазақстан Республикасы азаматының анкетасы (шетелге оқуға шығу үшін). Анкета нысан бойынша толтырылады; Үміткер анкетада үш серіктес ЖОО-на дейін көрсетеді, сондай-ақ таңдаған шетелдік ЖОО-да оқу тілін көрсетеді.
- Фото – 3x4, 6 дана;
- Папка файлдармен – 1д;
- Студенттің көп балалы отбасын растау үшін отбасы құрамы туралы құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда);
- Студенттің ата-анасының жоқтығын растайтын құжаттың көшірмесі (жетім немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттердің санаты үшін (бар болса));
- Егер үміткер конкурсқа қатысуға құжаттарды тапсыру кезінде 18 жасқа толмаған жағдайда (кәмелетке толмаған болып табылса), білім алушылардың ата-анасынан немесе қамқоршысынан шетелге оқуға шығуға нотариалды куәландырылған рұқсат (қолхат).

**Конкурстан өткеннен кейін жиналатын білім алушылардың құжаттар тізімі:**

- Паспорт көшірмесі;
- Медициналық анықтама 082/у (шетелге шығуға арналған);
- Білім алушының жеке оқу жоспары (ИУПС);
- Білім алушының өтініші (екі данада, нысан бойынша);
- Оқуға келісім (екі данада, нысан бойынша);
- Үш жақты келісім-шарт (СХДД жасайды);
- Білім алушының ата-анасының шетелге оқуға баруына рұқсат қағазы (қолхат).

**Стратегиялық және халықаралық даму департаменті**